

**Орта білім беру ұйымдары арасында өткізілетін
«Ұлы дала өркениеттері» атты байқауының іс-шараларына**

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

**Байқауға қатысуға төмендегі іс шаралар толықтай өтілу тиіс.
ОЛАР:**

- **«Ұлттың тілі, дәстүрі, мәдениеті - сол ұлттың жаны, жан-дүниесі»** атты жастар мен қазыналы қарияларымызбен кездесу (онлайн / оффлайн форматта). Еңбек ардагерлерін, мемлекеттік наградасы бар тұлғаларды, ардагер ұстаздар мен басшыларды қатыстыру қажет.

- **«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі»** тақырыбында қазақ тіліндегі эссе байқауы. Эсселердің сканерленген түрі info@youthunion.kz электронды почтасына жіберу қажет. Эссе саны шектеусіз.

- ҚМДБ және барлық облыстардың білім басқармалары мен оқу орындары өкілдерінің қатысуымен өткізілетін **«Мәдениет – ұлттық қайта өркендеу коды»** атты «дөңгелек үстел» отырысы. Отырысқа кемінде 15 адам қатысу тиіс. Мүдделі мемлекеттік орган өкілдері қатыспаса да діни басқарманың өкілдерімен бірлесе ұсынымдар жинақталуы қажет.

- **«Талант - табиғаттан, талап - өзіңнен»** тақырыбында кездесу өткізу. Спикер ретінде республикалық, жергілікті белсенді шығармашылық топтар немесе тұлғалар тартылуы тиіс. Оқушылардың кездесуден шеберлік сыныптарын алуды қарастырған жөн.

- **«Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі»** тақырыбындағы көрме. Көрмеге оқушылардың өздерінің қолдарынан шыққан өнерлері көрсетілуі керек.

- **«Дәстүр мен ғұрып»** ұлттық дәстүрлерді насихаттайтын театрландырылған қойылым. Қазіргі қоғамдағы ұлттық дәстүрімізді дәріптеуге бағытталып, бейнеролик түсірілуі керек. Әлеуметтік желі арқылы тікелей эфир өткізуді қарастыру жөн болар еді.

- Орта білім беру ұйымдарының арасында **«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра»** тақырыбында флешмоб-акциясын өткізу.

Флешмоб-акциясы сауда орталықтары мен қоғамдық орындарда өтеді.

- **«Жетістіктің тарихы»** жастарға дәріс өткізу. Дәрістерді еліміздің Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен тұлғалар жүргізеді.

- **«Құндылық- адам жанының алтын арқауы»** үздік бейнебаян байқауын өткізу. Оқушылардың ата-аналарының құнды қасиеттерді перзентіне үйретуі, өмір тәжірибесімен бөлісуі жайлы бейнебаян ұсынады.

- **«Жәдігерлер сыр шертеді»** бейнетаныстырылым байқауын өткізу.

Байқау туралы сұрақтарыңыз болса, төмендегі телефондар байланыса аласыздар

+7 747 390 0961 Еркін, +7 747 870 1770 Алмас, +7 747 868 8906 Әділет